

**Сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ норма
шығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік
органдардың заң қызметтерінің кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң
білімін дамыту мәселелері жөніндегі парламенттік тыңдаулардың
қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Астана қаласы

2025 жылғы 11 сәуір

Мемлекет басшысы бастамашылық жасаған реформаларды тиімді заңнамалық қамтамасыз ету басты міндет болып табылады.

Ел Президенті құқықтық мемлекеттің негізі ретінде «Заң мен тәртіп» қағидатын дәйекті түрде белгілеп отыр. Оның қалыптасуы қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейімен тығыз байланысты.

Осы ретте, білікті заңгерлерсіз құқықтық мемлекетті құру мүмкін емес.

Жаһандану кезеңінде Қазақстан заманауи міндеттерді шеше алатын және халықаралық стандарттарға сай келетін заңгерлерді сапалы даярлауды қамтамасыз етуі қажет. Бұл ретте, заң білімінің сапасы заңдылықтың сақталуына, азаматтардың құқықтарын қорғауға және мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуіне тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты, сот және құқық қорғау жүйелерінің, сондай-ақ норма шығармашылық қызметтің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің кадрлық әлеуетін нығайту аясында заң білімін дамытуға бағытталған тиісті шараларды іске асыру үшін парламенттік тыңдаулардың қатысушылары мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

I. ЗАҢГЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА ҚАТЫСТЫ

1.1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1.1. Заңгерлерді оқытуда бірыңғай ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында заң мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті базалық және арнайы заң пәндерін көрсете отырып (аудиториялық жүктемені және базалық құқықтық пәндердің сағаттарын ұлғайта отырып), барлық жоғары оқу орындары үшін (бұдан әрі – ЖОО) бірыңғай талаптарды енгізу туралы мәселені зерделеу.

«Білім туралы» ҚР Заңының 43-1-бабының қолданыстағы 2-тармағында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дербес құзыретіне жататынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Заңтану саласының ерекшелігін ескере отырып, бірыңғай талаптар мен міндетті базалық және арнайы заң пәндерінің тізбесін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін мемлекеттік стандартқа енгізу негізді болып көрінеді.

Сондай-ақ, болашақ заңгерлерге (мысалы, Қазақстан тарихы, философия, информатика және т.б.) оқытылатын *жалпы білім беретін* пәндердің саны мен

түрін айқындау кезінде ғана ЖОО-ларға академиялық дербестік беру туралы мәселені қарастыру ұсынылады.

Бұл талапты енгізу жоғары оқу орындарының заң мамандықтары бойынша ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына оң әсер етеді, демек, олардың санын оңтайландыруға да мүмкіндік береді.

1.1.2. «Құқық» бағыты бойынша магистр дәрежесін тек көрсетілген бағыт бойынша бакалавриат базасында (*денсаулық сақтау саласындағы біліммен ұқсас*) алу мүмкіндігін қарастыра отырып, жоғары заң білімін дәйекті алуға заңнамалық талап белгілеу туралы мәселені қарастыру.

Атап айтқанда, қолданыстағы үш сатылы жоғары білім беру жүйесі бакалавр және магистр дәрежелері бағыттарын міндетті түрде байланыстыруды көздемейді.

Яғни, бейінді емес жоғары білімі бар адам «Құқық» бағыты бойынша магистратураға түсе алады, кейін оны аяқтап жоғары заң білімі бар адам болып есептеледі. Алайда, іс жүзінде мұндай жағдай заң кадрларын даярлау сапасына теріс әсерін тигізуде.

1.1.3. Озық халықаралық тәжірибе негізінде жасанды интеллект технологияларын қолдану және процестерді цифрландыру мәселелерін қоса алғанда, құқықтық білім беруде инновациялық тәжірибелер мен тәсілдерді енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдау туралы мәселені зерделеу. Атап айтқанда, «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының міндетті компонентіне жасанды интеллект бойынша арнайы курсты енгізу мәселесін қарастыру.

1.1.4. «Жоғары оқу орны оқытушысының мәртебесі туралы» Заң жобасын әзірлеу туралы мәселені қарастыру.

Қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінің қызметкерлеріне қолданылатын «Педагог мәртебесі туралы» Заң қолданыста. Алайда, жоғары оқу орындарының оқытушылары елдің кадрлық әлеуетін қалыптастырудағы, оның ішінде заң саласындағы маңызды рөліне қарамастан, осы Заңда көзделген құқықтық қорғаумен және әлеуметтік кепілдіктермен қамтылмаған.

1.1.5. «Кейбір заңнамалық актілерге құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу.

1.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

1.2.1. Заңгерлік білім беру саласында халықаралық стандарттарды енгізу мақсатында жетекші шетелдік заңгерлік жоғары оқу орындарымен бірге қос диплом бағдарламаларын дамытуға бағытталған шаралар қабылдау.

1.2.2. Оқытудың практикаға бағдарлануын арттыру мақсатында жұмыс істейтін судьяларды, прокурорларды, адвокаттар мен практик-заңгерлерді оқытушылық қызметке тартуға бағытталған шараларды әзірлеу және қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу.

1.2.3. Заң факультеттерінде академиялық қызметті жүзеге асыратын практик-заңгерлерді ынталандыру және қолдау шараларын әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу (мысалы, сыйлықақы беру үшін бонустар енгізу, аттестаттау үшін балдар қосу, лауазымдарға тағайындау кезінде конкурстар үшін балдар және басқалар).

1.2.4. Сот ісін жүргізуді, шешендік өнерді жетілдіруді, келіссөздер жүргізуді, заң құжаттарын әзірлеу мен басқаларды қоса алғанда, практикалық дағдыларды алу және нақты жүктемелер беру мақсатында студенттер мен түлектердің тағылымдамадан және практикалық сабақтардан өтуі үшін ЖОО-лардың мемлекеттік органдармен, соттармен, прокуратурамен, заң компанияларымен, бизнес субъектілерімен әріптестік қатынастарын орнату жөнінде шаралар қабылдау.

1.2.5. Гуманитарлық бейіннің ерекшелігін ескере отырып, заң пәндерінің оқытушыларына қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту мәселесін қарастыру. Талаптар қазіргі уақытта шамадан тыс болып отырған және толыққанды ғылыми және әдістемелік қызметке кедергі келтіретін нақты педагогикалық жүктемені ескеруі қажет. Шаблондық, «техникалық» тәсілдерді пайдаланудан кету және оқытудың гуманитарлық ерекшеліктерін, оның ішінде пәнаралық аспектілерді, құқықтық кейстермен жұмыс істеуді, құқықтық білім беру мен кәсіби сараптамаға қатысуды ескеру қажет.

1.2.6. Бейінді ЖОО базасында заң пәндері оқытушыларының біліктілігін арттыру институтын немесе орталығын құру мәселесін зерделеу.

1.2.7. Scopus деректер қоры бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда:

- 1) заң пәндерінің оқытушылары;
- 2) PhD докторы дәрежесіне үміткерлер;
- 3) құқықтану бойынша ғылыми дәреже алу үшін диссертациялар бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру үшін жарияланымдардың міндеттілігін зерделеу және қайта қарау.

1.3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

1.3.1. Мынадай:

- 1) заң саласындағы салалық біліктілік шеңберін әзірлеу;
- 2) «Заңгер» кәсіби стандартын әзірлеу;
- 3) құқықтану саласында тану орталығын құру бойынша мәселелерді қарау және тиісті ұсыныстар енгізу.

1.3.2. Заң клиникалары негізінде халықтың әлеуметтік осал топтарына кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету үшін заңгерлік жоғары оқу орындары мен аумақтық адвокаттар алқаларының өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қарастыру.

1.4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп:

1.4.1. Заң клиникаларының практикасын кеңейту және қызметін жетілдіру жөнінде мынадай:

- олардың нормативтік мәртебесін бекіту;
- олардың жұмысының бірыңғай стандарттарын әзірлеу;
- ЖОО-да заң клиникаларының ашылуын кеңейту;

- 6 және 7 семестрде кемінде 5 кредит мөлшерінде міндетті компонент ретінде «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына «заң клиникаларын» қосу;

- студенттердің заң клиникалары базасында өндірістік практикадан өтуі бөлігінде шаралар қабылдау.

1.4.2. Норма шығармашылық дағдыны қалыптастыру үшін «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының міндетті компоненті ретінде «Құқықтық актілерді жобалау» пәнін енгізу мәселесін қарастыру.

1.5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп:

1.5.1. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясында білім алушыларды практикалық даярлауды ұйымдастыруға және өткізуге соттардың жәрдемдесуі бөлігінде қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

1.5.2. Жоғары оқу орындарының академиялық қызметі мен сот және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің практикалық қызметінің интеграциясын күшейтуге бағытталған нормативтік құқықтық актіні әзірлеу жөніндегі мәселені қарастыру.

II. СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУҒА ҚАТЫСТЫ

2. Бас прокуратураға, Жоғары Сот Кеңесіне, Әділет министрлігіне және құқық қорғау органдарына:

2.1.1. Заңгерлер адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауда, сондай-ақ тұтастай алғанда заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде маңызды әлеуметтік рөл атқарады.

Осыған байланысты, олардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау мақсатында заң кадрларын іріктеудің бірыңғай жүйесін құру мүмкіндігі қарастырылсын. Осындай «алдын ала сүзгіден» өткеннен кейін ғана кандидат сотқа, прокуратураға және басқа да құқық қорғау органдарына, адвокатураға, сондай-ақ өзге де салаларға олардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне одан әрі іріктеуден өтуге құқылы.

Мұндай іріктеу жүйесі сот және құқық қорғау жүйелерінің кадрлық әлеуетін нығайтуға, білікті заңгерлік көмектің сапасын арттыруға, құқықтық жүйеге деген сенімді күшейтуге, сондай-ақ «кездейсоқ», біліктілігі жоқ кадрлардың заңгер қызметіне өту мүмкіндігін болдырмауға септігін тигізеді.

2.1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне:

2.1.2. Барлық заң факультеттері жанындағы «Құқық» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру барысына жұмыс берушілерді қатыстыруды қарастыру.

III. ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ

3.1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне:

3.1.1. Заңнамалық процестің ашықтығы мен халықтың нақты қажеттіліктеріне бағытталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктеріне жататын әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелерді реттейтін заң жобаларын қоғамдық талқылау тетігін енгізу туралы мәселені қарастыру.

3.1.2. Биліктің орталық және өңірлік деңгейлері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге және заң жобаларын әзірлеу сатысында жергілікті органдар мен халықтан ұсыныстарды жинау мен есепке алудың тиімді тетігін құруға бағытталған заңнамалық процестегі жергілікті билік органдарының рөлін күшейту бөлігінде тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар әзірлеу жөніндегі мәселені зерделеу.

3.1.3. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ғылыми лингвистикалық сараптама заңнамалық актілердің жобалары бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығы бөлігінде ғана емес, сондай-ақ заң жобасы мәтінінің әдеби тіл нормаларына сәйкестігі тұрғысынан да жүргізілуін қарастыратын толықтыру енгізу мәселесін қарастыру.

3.1.4. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің оқылымдылығын арттыру және олардың жеңіл түсінілуін, оның ішінде жаңа цифрлық құралдарды пайдалана отырып қамтамасыз ету жөніндегі шараларды пысықтау.

3.1.5. Байланысты нормативтік құқықтық актілер арасындағы интерфейсті және навигацияны жеңілдетуге, сондай-ақ жасанды интеллектіні пайдалана отырып заңнамадағы олқылықтарды автоматты түрде анықтауға бағытталған нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік ақпараттық-құқықтық жүйелерін жаңғырту жөнінде шаралар қабылдау.

3.1.6. Олқылықтарды, коллизияларды, ішкі қарама-қайшылықтарды, заңнамалық актілер мәтіндерінің теңтүпнұсқалы еместігін автоматты түрде анықтауға бағытталған жасанды интеллектіні пайдалана отырып қолданыстағы нормативтік базаны, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған заңға тәуелді актілерге құқықтық мониторинг жасау бойынша шаралар қабылдау.

3.1.7. Нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйелерінде заңнамалық актілер бойынша әзірленген мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түсініктемелерді орналастыру мүмкіндігін пысықтау.

3.1.8. Заңнамалық актілердің нормаларын әр түрлі түсіну және түсіндіру мәселесі маңызды болып табылады. Құқықтық практикада ең күрделісі құқықтық актілердегі екі ұштылық пен қарама қайшылықтар. Нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің оқылымдылығы – бұл адамдардың басым көпшілігіне түсінікті болуы.

Бұл мәселе өте өзекті, өйткені заңдардың оқылымдылығы оларды қолжетімді етеді, қателіктер тәуекелін азайтады және олардың іс жүзінде қолданылуын арттырады.

Осыған байланысты, Парламент Сенатымен және Әділет министрлігімен бірлесіп, Maqsut Narikbayev University зерттеу тобы «Құқықтық актілердің

оқылуын бағалау құралдары» әдістемелік ұсынымдарын пайдалана отырып қайта өңдейтін нақты бір заңды немесе заң жобасын таңдау және айқындау мүмкіндігін қарастырсын.

Заңды немесе заң жобасын таңдау критерийлері ретінде азаматтар үшін маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актінің өзектілігі мен маңыздылығын анықтаған жөн деп санаймыз.

3.2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, «Ашық НҚА» порталында заң жобаларын қоғамдық талқылау процесіне қатысу мүмкіндігі туралы азаматтардың хабардар болу деңгейін арттыру және осы процеске халықты кең ауқымда тарту мақсатында олардың заңнамалық бастамаларды талқылауға мүдделілігін арттыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

3.3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, орталық атқарушы органның заң қызметі басшысының бос лауазымына кандидатқа міндетті түрде норма шығармашылық қызмет тәжірибесінің болуы бойынша қосымша біліктілік талаптарын белгілеу мүмкіндігін қарастыру.

3.4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі ЖОО-лармен бірлесіп, мекемелердің тәжірибелі қызметкерлерін оқу дәрістерін өткізуге тарта отырып, сот және құқық қорғау органдарында кафедралар мен оқу-практикалық кабинеттер ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру.

Орындау мерзімі – **2025 жылғы 1 қыркүйекке** дейінгі 3.1.8.-тармақты қоспағанда, ұсыным тармақтарын орындау мерзімі **2025 жылғы 24 қарашаға** дейін.